



**IQAA**

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ  
БОЙЫНША ЕСЕБІ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ  
7M01701- ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

**Нұр - Сұлтан қ., 2022 жыл**



## Экспертная группа

	<p><b>Руководитель экспертной группы</b> Национальный эксперт Бейсенова Жайнагуль Сабитовна Доктор филологических наук, профессор ЕНУ имени Л. Н. Гумилева</p>
	<p><b>Международный эксперт</b> Горожанов Алексей Иванович Доктор филологических наук, доцент, профессор, Московский государственный лингвистический университет (г. Москва, Россия)</p>
	<p><b>Кыяхметова Шара Асетовна</b> Национальный эксперт Кандидат филологических наук, доцент, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (г.Талдыкорган)</p>
	<p><b>Представитель работодателей</b> Мекенбаев Саян Керимбекович Директор детско-юношеской спортивной школы по видам борьбы № 10 (г. Шымкент)</p>
	<p><b>Представитель студентов</b> Малик Айғаным Болатқызы Студентка 3 курса Специальность «Педагогика и психология» Южно-Казахстанский педагогический университет (г. Шымкент)</p>

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ПРОГРАММНОЙ  
АККРЕДИТАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ  
«7M01701 – КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА (НП)»  
ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ В У «ШЫМКЕНТСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Политика в области обеспечения качества и академическая честность	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией			+	
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав		+		
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ПРОГРАММНОЙ  
АККРЕДИТАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ  
«7M01701 – КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА (НП)»  
ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ В У «ШЫМКЕНТСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Политика в области обеспечения качества и академическая честность	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией			+	
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав		+		
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов		+		
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности		+		

Ескертпе: Аккредиттеу Кеңесінің шешімімен "Оқу ресурстары және студенттерді қолдау" 6 Стандарты бойынша сәйкестік деңгейі "толық сәйкестік" орнына "маңызды сәйкестік" ретінде, "Қоғамды ақпараттандыру" 7 Стандарты бойынша "толық сәйкестік" орнына "маңызды сәйкестік" ретінде айқындалған.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің Аккредиттеу Кеңесі отырысының 02.07.2022 ж. хаттамасы.

## **МАЗМҰНЫ**

### **1-ТАРАУ САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ**

Кіріспе.....	5
Университеттің негізгі сипаттамалары .....	5

### **2-ТАРАУ САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Кіріспе.....	7
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі.....	9

#### *1-Стандарт*

Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету және академиял адалдық саласындағы саясат .....	12
---	----

#### *2-Стандарт*

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту бағдарламалар, ақпаратты басқару .....	16
---	----

#### *3-Стандарт*

Студентке бағытталған оқыту, үйрету және бағалау .....	20
--	----

#### *4-Стандарт*

Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау .....	22
---	----

#### *5-Стандарт*

Профессор-оқытушылар құрамы .....	24
-----------------------------------	----

#### *6-Стандарт*

Оқу ресурстары және магистранттарды қолдау .....	27
--	----

#### *7-Стандарт*

Қоғамды ақпараттандыру .....	28
------------------------------	----

### **3 ТАРАУ**

<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	30
------------------------	----

#### **Қосымшалар**

##### *1 қосымша*

Сыртқы сапар бағдарламасы .....	33
---------------------------------	----

##### *2 қосымша*

Сұхбатқа қатысушылардың тізімі .....	44
--------------------------------------	----

##### *3 қосымша*

ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі .....	
---	--

## ***1-ТАРАУ***

### ***САПАРДЫҢ КОНТЕКСТІ МЕН МАҚСАТТАРЫ***

#### ***Кіріспе***

Шартпен аккредиттелген білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімі мақсатында сараптамалық топтың сыртқы сапары 2022 жылғы 17-18 маусым аралығында өтті.

Сарапшылар тобының жұмысы БСҚБТА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Сараптама тобының мүшелеріне сапар басталғанға дейін білім беру ұйымына жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалауы жөніндегі есеп, мамандандырылған аккредиттеу рәсімі үшін сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі басшылық, сарапшының Ар-намыс Кодексі және т.б.) ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне алдын ала дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ұйымның жалпы сипаттамасымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен және университеттің даму перспективаларымен ресми танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы сапар қатаң түрде бағдарлама бойынша жүзеге асырылды.

Сапар барысында сарапшылар тобы университет басшылығымен және әкімшілік құрамымен, кафедра меңгерушілерімен, профессорлық-оқытушылық құраммен бірқатар кездесулер мен сұхбаттар өткізді. Жалпы, ЖОО-ға барған кезде зерттелген құжаттама және сапар барысында кездескен адамдар тобы, сондай-ақ кафедраның сарапшылар тобы мүшелерінің, аудиториялардың, кітапхананың, тренажер залының, ашық спорт алаңдарының, спорт кешенінің, ойын залының, гимнастика залының, компьютерлік сыныптардың және т.б. болуы аккредиттелуші туралы неғұрлым толық ақпарат алуға мүмкіндік берді.

#### ***Университеттің негізгі сипаттамалары***

Шымкент университеті - 2001 жылы құрылған, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану негізінде ғылыми-білім беру кешенінің көп бейінді көп деңгейлі университеті, өзін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлауды жүзеге асыратын ірі жоғары оқу орындарының бірі ретінде көрсетеді. 2017 жылы университет институционалдық аккредиттеу және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік туралы куәлік алды (2-қосымша).

Шымкент университетінде 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) бойынша магистрлерді дайындау 2018 жылдың 24 мамырындағы № KZ42LAA00011861 (1 қосымша) лицензиясына сәйкес 2012 жылдан бастап «филология» кафедрасында жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие, іргелі кешенді білімі, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби және өзге де міндеттерді жүйелі шешуге бағытталған терең зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелерге қабілетті Қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы құзыретті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламасын іске асыру Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына (ҚР 04.07.2018 ж. №171-VI Заңымен өзгерістер мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен № 604 бұйрығына, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына, ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына (ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді), ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 бұйрығына, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы күндізгі, қашықтықтан оқыту түрінде жүзеге асырылады. Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша бірінші шығарылым 2012 жылы шығарылды.

Білім беру процесі жоғары материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасына біліктілігі жоғары оқытушылар қызмет көрсетеді, ғылыми дәрежелілік пайызы 100% құрайды. 2017-2021 жылдар аралығында Білім беру бағдарламасы бойынша 283 магистр даярланып, түлектердің 94,5% жұмысқа орналастырылды. Жұмыс берушілер оп 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» түлектерінің қызметін оң бағалайды.



## ***2-Тарау***

### ***САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП***

#### ***Кіріспе***

7M01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы магистранттарын даярлау 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитеті» және ҚР білім берудің барлық деңгейлеріндегі МЖБС 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес әзірленген.

7M01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы еңбек нарығында сұранысқа ие, іргелі кешенді білімі, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби және өзге де міндеттерді жүйелі шешуге бағытталған терең зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелерге қабілетті Қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы құзыретті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған.

7M01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы мақсаты тіл білімі мен әдебиеттану теориясы мен практикасы саласында кәсіби дағдыларды сапалы меңгеру үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті маман даярлау; жоғары кәсіптік білім берудің келесі сатыларына өту үшін шығармашылық әлеуетті және жаңашылдықты дамыту болып табылады.

Қазіргі уақытта 7M01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар контингенті 86 адамды құрайды.

Кафедраның табысты және бәсекеге қабілетті дамуының негізін үздік ғылыми-педагогикалық дәстүрлердің сабақтастығын сақтайтын және білім беру мен ғылыми-зерттеу міндеттерін шешудің жаңа жолдарын енгізетін білікті профессор-оқытушылар құрамы айқындайды, ПОҚ-тың ғылыми дәрежелілік пайызы 100% құрайды.

Сараптамалық топқа 7M01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын өзін - өзі бағалау бойынша есептері қосымшаларымен білім беру ұйымына сапары басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне дайындалуға мүмкіндік берді. Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімі шеңберінде сараптамалық топтың сыртқы сапарының жұмысы барысында барлық қажетті материалдар уақтылы ұсынылды.

Сыртқы сараптама тобының жұмысы есеппен танысудан және оны талдаудан басталды. Есеп тұтастай 7 стандарттың құрылымына сәйкес келеді.

7M01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ мамандықтары бойынша өздігінен есеп беру мазмұнын бағалау мақсатында Шымкент университетінің басшылығымен (ректормен, проректорлармен), факультет декандарымен және



аккредиттелетін мамандықтар бойынша жауапты тұлғалармен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді, оның барысында жоғары оқу орнының қызметімен тұтастай танысу жүзеге асырылды.

Бұдан әрі құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбат жүргізілді, бұл университеттің құрылымымен, ББ аккредиттелетін бағыттар бойынша кафедра ПОҚ-мен, ББ түлектерімен, жұмыс берушілерімен толық танысуға мүмкіндік берді. Бұл ББ өзін-өзі бағалау бойынша есеп деректерінің сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге ықпал етті. Сарапшылар аккредиттелетін білім беру бағдарламасының бағыты бойынша материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаға: ЖОО-ның аудиториялық қорына, аккредиттелетін ББ бағыты бойынша визуалды тексеру жүргізді. Тіркеу офисіне, қашықтан білім беру технологиялары орталығына, білім беру процесі сапасының мониторингі бөліміне, білім алушыларға қызмет көрсету орталығына бару, практика базаларына (М.Әуезов атындағы Оңтүстік қазақстан университетінде орналасқан Мұхтартану орталығы) ішінара бару жүзеге асырылды.

Аккредиттелетін ББ бағыты аясында білім алушылармен, түлектермен және жұмыс берушілермен кездесулер бағдарламаның табыстылығының маңызды аспектілерін объективті бағалауға, сапа кепілдігінің ішкі жүйесі рәсімдерінің жалпы қабылданған білім беру стандарттарына сәйкестігіне, білім алушылардың құқықтарын сақтауға ықпал етті.

Сұхбат ПОҚ – ның 7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы (ОП) ЖОО-ның миссиясына сәйкес әзірленгені, дайындық мақсаттарын, магистранттар оқу процесінде алуы тиіс кәсіптік, жеке құзыреттері мен біліктіліктерінің критерийлерін айқындағаны туралы хабардарлығын көрсетті. Әкімшілік өкілдерімен, ББ және ПОҚ басшыларымен әңгіме сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету саясаты басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылатынын және үнемі қайта қаралатынын көрсетті.

Сараптама комиссиясының мүшелері кездесу-сұхбат өткізумен қатар, аккредиттелетін бағдарламалар бойынша ресурстық базаны қарап шықты. Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар білім беру бағдарламаларының құрылымымен, олардың материалдық-техникалық базасымен танысуға ықпал етті.

Сарапшылар факультеттерге, кафедраларға барды, оқу құжаттамаларымен мұқият танысты: ОЖБ, МДК, ЭПК, ББ, кафедра жоспарларымен, ҒЗЖ, практика, жұмысқа орналасу, білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша факультет қызметінің негізгі бағыттары туралы ақпарат алды, оқытушылардың портфолиосын, оқу, ғылыми, тәрбиелік, кәсіптік бағдар беру жұмыстарының материалдарын зерделеді. Сыртқы аудит нәтижелері 7М01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша қызмет жоғары оқу орнының миссиясы мен негізгі стратегиялық мақсаттарын орындауға бағытталғанын көрсетті.

2017-2021 жылдар аралығында Білім беру бағдарламасы бойынша 283 магистр даярланып, түлектердің 94,5% жұмысқа орналастырылған. Жұмыс берушілер 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ түлектерінің қызметін оң бағалайды.

## **СТАНДАРТ 1. Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық**

### ***Дәлелдемелер:***

Сараптама тобының жұмысы барысында 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатты табысты іске асырудағы қызметі университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес ұйымдастырылады және оны іске асыруға бағытталған құжаттар ұсынылды. Шымкент университетінің білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясаты университет миссиясына сәйкес әзірленген, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі болып табылады. Университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат ішкі нормативтік құжаттармен: ЖОО - ның 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясымен, академиялық саясаттың негізгі ережелерімен реттеледі. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат университет сайтында жұртшылық үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етіледі. ол университеттің Ғылыми Кеңесінде талқыланып, бекітілді (17.02.2020 ж. №7 хаттама), университеттің Стратегиялық даму бағдарламасы сайтында орналастырылған.

Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету мақсатында университетте Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) сапаны қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтарға сәйкес ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін және академиялық саясат әзірленді (Ғылыми кеңестің 2021 жылғы 28 қазандағы шешімімен бекітілді).

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат сапа мәдениетін дамыту үшін университеттің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыру барысында университет әкімшілігі, профессор-оқытушылар құрамы, Білім алушылар маңызды рөл атқарады.

Университет басшылығы білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы Саясатының нәтижелі жүзеге асырылуына, басқарудың барлық деңгейлеріндегі саясатты жүзеге асыруға, оны өзектендіруге, сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесін тұрақты жақсартуға жауапты, ол келесі жолмен қамтамасыз етіледі: сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясаттың құрылуын ұйымдастыру; университет ұжымына Саясаттың мақсаттары мен міндеттерін жеткізу; Саясатты жүзеге асыру және өзекті күйде ұстау; сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясаттың нәтижелілігін анықтау мақсатында жүйелі талдау мен әлеуметтік мониторинг ұйымдастыру; саясаттың жүзеге асырылуына ұжымдық талқылау ұйымдастыру және Ғылыми Кеңесінде тиісті шешімдер қабылдау. Сонымен қатар, ішкі және

сыртқы мүдделі тараптар тиісті құрылымдар мен процестер арқылы саясатты жетілдіруге қатысады.

Білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін университет өзара тиімді мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде университетпен өзара іс-қимыл процесіне мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тетіктерін әзірлегені дәлелденді. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі туралы өзекті ақпарат, іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары туралы ақпарат университеттің ресми сайтында жарияланады. *Facebook, Instagram, Telegram, YouTube* әлеуметтік желілеріндегі университеттің ресми парақшалары. Ішкі мүдделі тараптар үшін бірыңғай жүйедегі ішкі құжат айналымын, қызметкердің, оқытушының және білім алушының жеке кабинеттерін пайдалану көзделген.

ПОҚ-мен сұхбат барысында респонденттердің жауаптарына сәйкес сарапшылар білім беру бағдарламасының оқытушылары оқытудың нысандары мен әдістерін тұрақты жетілдіру арқылы білім беру сапасын тиімді басқару процестеріне тартылғанын растады.

Университет Білім алушылары ББ сапасын қамтамасыз ету саласындағы Саясатты құру және қолдау үрдісіне кеңінен тартылады. 2018-2019 оқу жылы *магистрант Жансая Умашова* Ғылыми Кеңестің мүшесі болғандығы, білім беру бағдарламасы сапасын жүзеге асыру және саясаты мәселелері жөніндегі талқылауға және шешім қабылдауға белсене қатысатындығы айқын болды.

Магистранттармен сұхбат барысында білім алушылар арасында жүйелі түрде ББ мониторинг және әлеуметтік сауалнамалар жүргізілетіндігі, мұнда Білім алушылар ББ жүзеге асыру сапасы жөнінде өз пікірлерін білдіретіндігі, сонымен қатар, жылына екі рет «*Оқытушы студенттердің көзімен*» атты сауалнама, жылына бір рет «*Студенттердің білім беру қызметтерінің сапасымен қанағаттануы*», жұмыс берушілер арасында «*Жұмыс берушілердің бітірушілерді дайындаудың сапасымен қанағаттануы*» атты және т.б. сауалнамалар жүргізілетіндігі мәлім болды.

Білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында факультет базасында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия жұмыс істейтіні дәлелденді.

Сапаны қамтамасыз етуде сырттан келген мүдделі тараптардың ББ құру және жүзеге асыруға және оның нәтижелерін бағалауға қатысуы маңызды рөл атқарады.

Сарапшыларды университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстыру барысында сарапшылар университетте білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты мәселелер талқыланған білім алушылармен кездесулер өткізгенін анықтады. Тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сауалнама жүргізіледі, оның нәтижелері ЖОО-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты туралы хабардар екендігін дәлелдейді.

Академиялық саясатта «Академиялық адалдық саясаты» таруаы бар, ол академиялық адалдық мәселелерін регламенттеп, реттейді. Университетте Ғылыми кеңесімен бекітілген «ПОҚ ар-намысы кодексі», «Магистранттардың

ар-намысы кодексі», «Қызметкердің ар-намысы кодексі» (27.02.2020 ж. №8 хаттамасы), олар университеттің сайтында орналастырылған.

Кодекстің негізгі мақсаты университетте өзара құрмет, мейірімділік, ғылыми және творчестволық серіктестік атмосферасын құру, академиялық адалдық қағидаларын сақтау болып табылады.

Магистранттар мен қызметкерлердің арыздарына арналған университет ректорының блогы жұмыс жасайды. Барлық оқу корпустарында құқықбұзушылықтың алдын алу және тәртіпті күшейту мақсатында «Сенім пошталары» орналастырылған. Анонимді сауалнама барысында немесе университет басшылығымен кездесу кезінде алынған Білім алушылардың наразылықтары мен шағымдары міндетті түрде тіркеледі, ал ақпарат университеттің түрлі деңгейлерінде (эдвайзерлер – кафедра – деканат – проректор - ректор) талданып, соңында тиісті шешім қабылданады.

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ қызметін талдау білім беру саласындағы мемлекеттік даму стратегиясының басымдылықтарына сәйкес жүзеге асырылатын, білім беру бағдарламасының міндеті мен оның білім беру жүйесіндегі рөлін нақты анықтайтын айқын анықталған және анық позициясы бар екенін көрсетті.

Сонымен қатар, аудит барысында ББ сапасын қамтамасыз ету саласындағы Саясаттың және оны жүзеге асыру механизмдерінің болуы, ББ-н жүзеге асырудың сапасын үзіліссіз жақсартылуын қамтамасыз ететін нәтижелі ұйымдастыру және басқару құрылымдардың қызмет атқаруы; барлық мүдделі тұлғалардың ББ сапасын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыруға белсенді қатысуы; академиялық адалдықты жүзеге асыруда нәтижелі шаралардың іске асырылуы мәлім болды.

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық атағын алған түлектер педагогикалық орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында оқытушы; ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми қызметкер; әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарының маманы; мамандығына тікелей қатысы бар мекемелерде ұйымдастырушы-басқарушы; мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарында іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде өндіріс, бөлім қызметкері, басшысы қызметтерін істей алады.

Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстары ескеріледі.

Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі университет миссиясына сәйкес әзірленген. Университетте сапамен қамтамасыздандыру саясаты жоспарлы түрде іске асырылатындығы Басқарма төрағасы-ректор, Басқарма мүшесі-проректорлармен жүргізілген сұхбат, оқу-жұмыс жоспары мен пәннің оқу бағдарламалары, БББ-ның хаттамалары мамандарды даярлау сапасына үнемі көңіл бөлінетіндігін және осы бағытта әртүрлі іс-шаралар атқарылатындығын көрсетеді.

Магистранттармен сұхбат барысында олардың білім беру

бағдарламасының мақсаты мен сапамен қамтамасыздандыру саясатын айқындауға қатысатындығы байқалды.

Магистранттардың оқу үлгерімін, МҒЗЖ сапасын, іс-тәжірибеден өту қорытындыларын анықтау мақсатында Тіркеу офисі тарапынан жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырған.

Өзін-өзі бағалау есебімен танысу және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу барысында кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы айқындалды, сондай-ақ түлектердің 100% жұмысқа орналасу көрсеткішімен дәлелденді.

### ***Талдау:***

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрін дайындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, университет миссиясы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылып жатқандығына ББ құжаттарымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және аудит кезінде көзіміз жетті. *Білім беру бағдарламасы* қазақ тілі мен әдебиеті саласында жоғары білікті, бәсекеге, қазіргі қоғамның мәселелері мен міндеттерін шешуге қабілетті, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін меңгерген, филология саласында ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыратын педагог-маманды даярлау мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатқандығы аккредитация барысында анықталды.

Құжаттармен танысу барысында ББ-н жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінетіндігі байқалды. Жұмыс берушілер мен түлектердің ұсынысы негізінде элективті пәндер енгізіліп отырады. Білім беру бағдарламасы тәжірибелі, білікті, ғылыми дәрежелі кадрлармен қамтамасыз етілген.

## **1 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

### **СТАНДАРТ 2. Білім беру бағдарламасын құрастыру және бекіту, ақпаратты басқару**

#### ***Дәлелдемелер:***

Сарапшылар оқу бағдарламаларын әзірлеу жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын регламенттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттар негізінде жасалған ішкі құжаттарға және Кредиттік оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырылатынын анықтады.

Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен (02.10.2020 ж. №268п) бекітілетін ББ әзірлеу бойынша жобалық топтың жыл сайынғы мерзімділігі мен құрамы анықталып, Жобалау тобының құрамына тәжірибелі ПОҚ-пен қатар



практик мамандар, жұмыс берушілер тартылатындығы аудит барысында анықталды. Мәселен, 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ құру кезінде «Филология» кафедрасының меңгерушісі З.Т.Жантасова, ф.ғ.к., аға оқытушы А.Ж.Өтен, ф.ғ.к., «Филология» кафедрасының аға оқытушысы Н.М.Нурлыбаев, жұмыс берушілердің өкілдері № 102 Орта білім беру мектебінің директоры Е. Б. Баратовтар тартылған.

Сыртқы мүдделі тұлғалар, жұмыс берушілер ББ сарапшылары ретінде тартылады. Мәселен, 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ сарапшысы ретінде ф.ғ.к., М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к. Халықова Н., ал жұмыс берушілерден сарапшы ретінде ф.ғ.к., Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің «Филология» кафедрасының меңгерушісі Біржан Ануарбекович Жақыпбеков тартылған.

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ мазмұнын әзірлеу білім берудің студентке бағдарлануын көрсететін, күтілетін оқу нәтижелеріне бағытталған білім беру деңгейлері бойынша жүзеге асырылады. ББ әзірлеу кезінде оқыту нәтижесі ретінде болашақ маманның қажетті кәсіби құзыреттерін қамтитын модульдік оқыту технологиясы пайдаланылады. Оқу орны бағдарламаларды игеру нәтижесінде алынған біліктілік студенттерге, магистранттарға егжей-тегжейлі және нақты түсіндірілетініне және ұлттық біліктілік шеңберінің тиісті деңгейіне жататындығына дәлел келтіреді. Міндетті компонент бойынша ББ мазмұны МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу жоспарына, Оқу жұмыс жоспарларының құрылымы мен мазмұны Үлгілік оқу жоспарына және элективті пәндер каталогына қатаң сәйкес келеді.

ББ-да кәсіптік практиканың орындары нақты айқындалған: түрлері, көлемі (кредиттер), базалары, ұйымдастырылуы, нәтижелері, тиімділігі.

ЖОО деректері бойынша жалпы талаптар бойынша регламенттелген ПОӘК бар. ББ Ұлттық біліктілік шеңберімен және кәсіби стандарттармен, Дублиндік дескрипторлармен келісілген. 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру мазмұнына қатысты жазылған сыртқы сараптама мен пікірлер бар.

Студенттердің оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығының бағдарламаларын әзірлеу кезінде оқу жоспарында көзделген оқу қызметінің барлық түрлері, оның ішінде аудиториялық және өзіндік жұмыс, тағылымдамалар, практикалар және т.б. ескерілген, ББ студенттердің үлгерімі мен олардың прогресіне жәрдемдесуге бағытталған. ЖОО қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, ББ іске асыру бойынша барлық мүмкіндіктерге ие және оларды табысты іске асырады.

Оқу орнының құжаттарында бағдарламаларды игеру нәтижесінде алынған біліктілік білім алушыларға егжей-тегжейлі түсіндірілетіні және ұлттық біліктілік шеңберінің тиісті деңгейіне жататындығы туралы дәлелдер бар. Білім беру бағдарламасын бекіту кезінде сыртқы сараптама мен рецензиялаудың болуы жұмыс берушілер болып табылады. Білім беру қызметтерін жүзеге асырудың тиімділігін сыртқы бақылау МАК жұмысы барысында, университетті аккредиттеу кезінде жүзеге асырылады. Тәуелсіз



сыртқы сарапшылардың тізімі Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрығымен бекітіледі.

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ тиісті нормативтік құжаттарды қамтитын оқу-әдістемелік кешенін қарау барысында: МЖМБС, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету карталары, кәсіби практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулар, магистрлік жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар, элективті пәндер каталогы, мамандық бойынша әдістемелік нұсқаулар, мемлекеттік аттестаттау, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) және басқа да оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жасалынды.

ББ -ның оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) талапқа сай құрастырылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) толық дайындалған. Электронды оқу-әдістемелік кешенде оқытуда пайдаланылатын интерактивті әдістің материалдары: силлабус, дәрістер, бейнедәрістер, практикалық сабақ, қосымша материалдар (мультимедиялық материалдар, электронды ресурстар сілтемесі), МӨЖ тапсырмалары, аралық бақылау тапсырмалары, емтихан сұрақтары электронды оқу-әдістемелік кешенде жинақталған және қолжетімді.

Педагогикалық практика факультетте өтеді: бакалавриатта сабақ жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Зерттеу практикасының негізгі мақсаты отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеулерде эксперименттік деректерді түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды бекіту болғандықтан, қалалық, облыстық және университеттің кітапхана қорын толық пайдаланады. Қажет болған жағдайда республикалық, ұлттық кітапханалар қорын пайдалану үшін іс-сапарға шығу мүмкіндігі қарастырылған. Зерттеу практикасының базасы ретінде Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығымен келісімшартқа отырған. Базамен байланыс орнатылған, аудит кезінде барып, таныстық. Жоспарлы түрде атқарылған жұмыстардың құжаттары жинақталған.

Оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейінің сапасын көтеру, оқу жоспары мен міндеттерінің орындалуын, бағдарламаның өзектілігін, магистранттарды бағалаудың нәтижелілігін, бағдарлама сапасына қанағаттану сынды жетілдірудің кері байланысын анықтау мақсатында тұрақты түрде мониторинг өткізіліп, алынған мәліметтерге талдау жасалынып, жетілдіру жұмыстары атқарылып отыратындығы университет құжаттарында жинақталған.

### ***Талдау:***

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ магистранттарын даярлау модульдік құрылым негізінде жүзеге асырылады: жалпы білім беретін пәндер модулі; базалық пәндер модулі; бейіндік пәндер модулі. Оқу жұмыс жоспарлары, олардың құрылымы мен мазмұны 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ мамандықтарының үлгілік жоспарына сәйкес жасалған. Мамандықтың модульдік бағдарламаларының мазмұны оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ модульдері ECTS 5 кредит көлемінде Теориялық оқыту пәндерін және бір-бірімен логикалық өзара байланысты оқу жұмысының басқа түрлерін қамтиды. Міндетті компонент негізгі бағдарламаның 1/3 бөлігін құрайды, 2/3-таңдау курстары. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы үкіметінің 31.10.2018 жылғы №604 Қаулысымен бекітілген МЖБС сәйкес құрылған. Оқытудың мақсаттары, міндеттері, құзыреттері мен нәтижелері, пән циклдері бойынша жалпы саны 120 кредит (БП – 35 кр, КП – 49 кр, МҒЗЖ – 24кр, ИА – 12кр) МЖБС білім берудің осы деңгейіне анықталған талаптармен келісілген. ББ Үлгілік оқыту жоспары негізінде құрылған, ол міндетті компонент пәндерінің саны мен атауларын, олардың көлемі мен мазмұнын, кәсіби практикаға бөлінетін кредиттер көлемін және ECTS кредиттеріндегі қорытынды аттестацияны реттейді.

Кәсіптік практиканың барлық түрлері модульдер бойынша олардың өтуінің пререквизиттері болып табылатын пәндерге сәйкес бөлінеді. Кәсіптік практика 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ оқу бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Кәсіптік практика академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады және өндірістік, педагогикалық, зерттеу практикасына бөлінеді. Магистранттарды практика базалары бойынша бөлу университет ректорының бұйрығы негізінде жүргізіледі. Практика бағдарламалары мен күнтізбелік кестелері дайын екендігі анықталды. Магистранттардың педагогикалық және ғылыми-зерттеу практикасынан өту туралы есептерді қорғау конференцияларының хаттамалары, практика жетекшілерінің есептері, Білім алушылармен практиканың барлық түрлерін өту кестелері, бекітілген педагогикалық және зерттеу практикасынан өту күнделігінің нысанымен аудит кезінде таныстық.

Міндетті компоненттердің пәндер құрамы, оқу пәндерін меңгеруге бөлінген кредиттер, практика саны ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқыту жоспарының талаптарына толық сәйкес келеді.

Оқу жоспарын құрудың модульді жүйесі, жеке жоспарлау қағидалары, білім алушылардың өзіндік жұмысын жоспарлау, қабылдау, кері байланыс орнату, т.б. жүзеге асырылып жатқандығы, білім алушылардың түрлі санаттарының мүдделері ескерілетіндігі байқалды. Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасы болғандықтан, оқу жоспарына қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін меңгеруді нақты жүзеге асыратын, дидактикалық мақсатты көздейтін «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті оқытудың интербелсенді әдісі», «Жаңартылған бағдарлама бойынша тілді оқыту әдістемесі», Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі», «Тілді оқытудың инновациясы», «Жаңартылған бағдарлама бойынша әдебиетті оқыту әдістемесі», сынды элективті пәндер енгізілген екен. Бұл пәндер бітіруші маманды кәсіби тұрғыда шыңдалуға дайындайды.

**Ескерту:**

«Іскерлік қазақ тілі», «Практикалық қазақ тілі», «Тілдік қатынас негіздері» пәндерінің мазмұны бакалавриат деңгейінде қарастырылады.

**Жақсарту шаралары:**

«Іскерлік қазақ тілі», «Практикалық қазақ тілі», «Тілдік қатынас негіздері» пәндерінің орнына нарық сұранысының, жұмыс берушілердің ұсыныстарын зерттеп, ескеріп, магистранттарды ғылыми ізденістерге жетелейтін, бәсекеге қабілетті, кәсіби білігін жетілдіруге бейім, құзыретті мамандар даярлауға ықпал ететін пәндерді БББ мазмұнына ұсыну мүмкіндіктерін қарастыру.

**2 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - елеулі сәйкестік****СТАНДАРТ 3. Студентке бағытталған оқу, оқыту және бағалау****Дәлелдемелер:**

Магистрантқа бағытталған оқытуды жүзеге асыру университеттің Академиялық саясатында көрінеді. Университет ББ жүзеге асырылуының талаптарына сәйкес келетін Білім алушылар үшін жеткілікті және қолжетімді білім беру ресурстарының қамтамасыз етілуіне кепіл береді. Университетте Білім алушыларды қолдаудың қажетті жүйесі орнатылған: Оқыту үрдісін ұйымдастыру және мониторинг департаменті магистранттар қызметінің барлық түрлерін ұйымдастырады, магистранттың барлық оқу жетістіктері тіркеу кеңсесінде жинақталады, кітапхана, оқу залы жұмыс жасайды, ақпараттық технологиялар мен қашықтан білім беру бөлімі, практика және жұмыспен қамту бөлімі қызмет көрсетеді, «бір терезе» режиміндегі Студенттерге қызмет көрсету орталығы, психологиялық қызмет көрсету бөлімі жұмыс жасайды. Барлық білім беру жайлы ақпарат ББ студенттері үшін PORTAL.SHU оқу порталында, дәстүрлі және электронды форматта ақпараттық стендтерде қолжетімді.

Магистрантқа бағдарланған Оқыту қағидаты білім алушылармен өзара іс-қимыл жасауға, олардың қажеттіліктерін ескеруге негізделген оқытушының жаңа ұстанымын қалыптастыруға бағытталған. Білім беру сапасы жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі білім алушыларды университетті басқаруға тарту (студенттік өзін-өзі басқару) болып табылады. Білім алушылар Ғылыми кеңестің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің, Әдеп жөніндегі кеңестің, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жұмысына тартылады.

Оқу процесінде оқытушылардың көпшілігі студенттердің, магистранттардың даралығын, олардың үлкен еркіндікке ұмтылысын, жеке және кәсіби өсуін, дербестігін, өзін-өзі бағалауын ескереді. Магистранттың оқу жүктемесін құрастыру кезінде кафедра жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескереді. Магистранттардың жеке оқу жоспарларында білім беру

бағдарламаларының барлық компоненттері мен элементтері көрсетілген. Қолданылатын білім, білік, дағды және құзыреттілікті бағалау жүйесі Жалпы ұлттық деңгейде қабылданған практикаға сәйкес келеді.

Магистранттар өздерінің жеке траекторияларын анықтау кезеңінде эдвайзерлер консультативтік сипаттағы топтық және жеке сессияларды өткізеді. ОМӨЖ жоғары факультет деканы бекіткен кестеге сәйкес орындалады және оқу бағдарламасының ең күрделі мәселелері, тапсырмаларды орындау, семестрлік жұмыстарды бақылау бойынша консультацияларды қамтиды. Студенттер практикасының нәтижелерін рефлексивті талдау нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасына жаңа пәндерді енгізу қажеттілігі.

ПОҚ студентке бағдарланған оқыту технологиялары бойынша біліктілікті белсенді түрде арттырады, тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар өткізеді, сондай-ақ білім алушыларды студентке орталықтанған оқыту қағидаттары, олардың өз оқуын дамытудағы тікелей қатысушылары мен серіктестері ретіндегі жаңа рөлі мен құқықтары туралы хабардар етеді.

Университеттегі оқу процесі үнемі жаңа білім беру технологияларын енгізуге, жаппай компьютерлендіруге және ақпараттандыруға, оқыту мен бақылаудың жаңа техникалық құралдарын қолдануға, тәуелсіз білім аудиті қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Оқу үрдісінде электронды оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиа-технологиялар, бейнедәрістер қолданылады. Қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқу сабақтары «on-line» және «off-line» режимінде өткізіледі. «On-line» режиміндегі сабақтар нақты уақыт режимінде өткізіледі: бейнеконференциялар (Skype, Discord, MOODLE, ZOOM, Google Classroom, Microsoft Teams, Hangouts, Cisco WebEx Meetings және т.б.). «Off-line» режимінде оқу сабақтарын ұйымдастыру кезінде оқытушы мен білім алушының өзара іс-қимылы ішкі қарым-қатынас сервистері, чаттар мен форумдар арқылы, университеттің жеке платформасы арқылы жүзеге асырылады. Сарапшыларға университет платформасында пәндердің электрондық оқу-әдістемелік қамтамасыз ету контентіне оқушылардың қол жеткізу алгоритмі көрсетілген. Тапсырмалар пәндердің силлабустарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес мазмұнға жүктеледі. Пәнге жауапты оқытушы пәннің оқыту сапасын талдайды және қажет болған жағдайда білім алушылардың келесі ағымы үшін түзетулер енгізеді. Білім алушыларды жаңа оқу жылындағы пәндердің мазмұнымен таныстыру үшін ББ басшылары мен эдвайзерлер білім алушылардың пәндерді таңдау мәселелері бойынша алдын ала әдістемелік және консультациялық жұмыстарды ұйымдастырады. Білім алушылар пәндер туралы ақпаратпен, оның ішінде олардың қысқаша сипаттамасымен, оқу нәтижелерімен, пререквизиттерімен және постреквизиттерімен танысады, пән оқытушыларымен таныстыру кездесулерін және олардың презентацияларын өткізеді. Білім беру бағдарламаларының элективті пәндерінің каталогы білім алушыларға қолжетімді, бұл әрбір пәннің мазмұнын зерделеуге және эдвайзердің көмегімен әрбір студентке, магистрантқа алдын ала оқытудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік

береді. Оқытушыны таңдау еркіндігі тіркеу формаларын толтыру және студенттің де, магистранттың да жеке оқу жоспарын қалыптастыру кезеңінде жүзеге асырылады. Жеке оқу жоспарын қалыптастыру алдында пәндерге тіркеу (алдын ала жазылу) жүргізіледі.

Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен, магистранттармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері білім алушыларға жан-жақты қолдау көрсетілетінін, осы фактінің болуы университет сайтында көрсетілгенін көрсетті. Құжаттарды зерделеу нәтижесінде сарапшылар тобы магистранттардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі нормативтік талаптарға сәйкес келетінін атап өтті. Магистранттардың оқу жүктемесі білім беру деңгейлері бойынша құрастырылған: байланыс жүктемесі, магистранттардың өзіндік жұмысы, оның ішінде білім берудің белгілі бір деңгейлері бойынша оқытушының басшылығы. Сыртқы аудит барысында магистранттардың оқыту нәтижелеріне ішкі мониторинг жүргізу жүйесі жұмыс істейтіндігін; бағалау критерийлері мен әдістері ашықтық және объективтілік талаптарына сәйкес келетіндігі; емтихан рәсімдерінде бірнеше оқытушының қатысуы; бағалау ережелерінде қандай да бір жеңілдететін мән-жайлар қабылданбайтындығы; ұлттық деңгейде қабылданған бағалау ережелері сақталатындығы анықталды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары «Филология» кафедрасының белсенді қатысуымен «Академиялық мобильділік туралы қағидаларға» сәйкес ЖОО кейінгі білім беру орталығымен жүзеге асырылады. Республиканың 3 ЖОО және 2 шетелдік ЖОО ұзақ мерзімді серіктестік 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ студенттерінің академиялық мобильділігін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 2016-2017 оқу жылы 1-курс магистранты А.Мұса, 2017-2018 жылы 1-курс магистранты В.Юсвалиева «Аумақтық әлеуметтік-инновациялық университеті» ЖШС академиялық мобильділіктен өтті, 2019-2020 оқу жылы 1-курс магистранттары Б.Данай мен К.Алдаберген Қазақ-Қырғыз университетінде Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша өтті.

### ***Талдау:***

Университетте Білім алушылардың бірыңғай ақпараттық қамту жүйесінің барлық мүмкіндіктерін пайдалануы үшін барлық жағдайлар жасалған: электронды кітапхана мен жаздырып алатын толық мәтінді отандық мәліметтер базасы, тегін Ғаламтор арқылы кітапхана ресурстарына еркін қолжетімділік; Республикалық электронды кітапханаға қолжетімділік, ОӘПК электронды базасы және Білім алушылардың оқу материалдарына, жеке кабинеті арқылы университеттің білім беру порталының білім бақылау және бағалау материалдарына еркін қолжетімділігі.

ББ жүзеге асыру қашықтан білім беру технологиялары негізінде (ҚБТ) дәстүрлі байланыс оқыту әдістерімен қатар жүзеге асырылады. Университет құрылымында қашықтықтан оқыту және ақпараттық технологиялар бөлім жұмыс жасайды.



ББ ҚБТ қолданып жүзеге асыру университетте Шымкент университетінің ҚБТ бойынша оқыту үрдісін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Оқыту үрдісін басқару жүйесі Шымкент университетінің білім беру порталы негізінде құрылған.

Барлық қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша Білім алушылардың виртуалды «жеке кабинеттері» бар, әр кезде оқытушының дәрістері мен басқа да әдістемелік құралдарына қол жеткізе алады, тапсырамаларды орындап, оған жібере алады, жұмыс, жеке оқыту жоспарларын, түрлі анықтама ақпаратын, on-line жүргізілетін сабақтар мен емтихан кестесін ала алады.

ЖОО Академиялық саясатының қағидаларына сәйкес академиялық талаптарын игере алмайтын Білім алушылар үшін, сонымен қатар қосымша оқыту қажеттілігін қанағаттандыру, академиялық қарыздарды немесе оқыту жоспарларындағы айырмашылықтарды жою, Білім алушылармен басқа ЖОО оқу пәндерін оқу және кредиттерді тапсырып, оларды өздерінің ЖОО қайта тапсыру, орташа үлгерім баллын (GPA) көтеру үшін жазғы семестр ұйымдастырылады. Жазғы семестрге жазылу және оқу процедурасы Жазғы семестрді ұйымдастыру ерелерінде көрсетілген.

Жылына екі рет емтихан сессиясынан соң «Оқытушы магистранттардың көзімен» сауалнама жүргізіледі.

Сауалнамаға барлық Білім алушылар қатысады. Сауалнамаға қолжетімділік университеттің оқыту порталындағы Білім алушының парақшасынан кері байланыс арқылы жүргізіледі. Сауалнама электронды сауалнамаларды анонимді түрде толтыру жолымен жүргізіледі және оқытушымен бақыланбайды. Мәселен, 7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті ББ оқыту үрдісін ұйымдастыру сапасымен қанағаттанушылықты Білім алушылардың 89%, сабақтардың сапасымен қанағаттанбауды 6%, емтихандарды ұйымдастырумен қанағаттанбауды 5% көрсетті. Сабақтардың мазмұны Білім алушылардың 79% қанағаттандырады, 15% ішінара қанағаттандырады, 6% қанағаттандырмайды. Тұлғалық даму және тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалуымен қанағаттанушылықты Білім алушылардың 92% көрсетті.

«Бір терезе» режимінде жұмыс жасайтын және оқу үрдісімен байланысты барлық арыздарын қабылдайтын магистранттарға қызмет көрсету орталығы (МҚКО), соның ішінде Білім алушылардың семестр ішінде академиялық мобильділік шеңберінде басқа ЖОО оқу ниеті туралы арыздарды қабылдайды.

### **3 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкестік**

#### **СТАНДАРТ 4. Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындау және сертификация**

##### ***Дәлелдемелер:***

Сарапшылар тобының сапары барысында талапкерлерді университетке



